



САРЫ ӨЗЕН

Шолтаман

Орындаған: С.Нұржан

Нотаға түсірген: А.Жаңбыршы

Кең тыныспен



Барады аулым көшіп Көлтабанға,
Салайын "Сары өзенге" Шолтаманға.

Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Айта бар, барсаң сәлем қалқаларға!

Қылаңның жалтылдайды жезді кілті,
Елімнің не күйде екен қыз-жігіті?
Алладан бұйрық болса оралармыз,
Бар ма екен келе ме деп бізде үміті?

Қара бұлт түнереді жауарында,
Шал құйрық ыңыранар сауарында.
Жігіттің иті қыңыр жүгіреді,
Басынан бақ-дәулеті ауарында.